




Ж. Серікқызы , Ш. Саткенова\* ,  
С. Тлеубаев , Н. Атаханова 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан  
\*e-mail: s.satkenova85@mail.ru

## ЦИФРЛЫҚ ЛИНГВОДИДАКТИКА – БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА ФОРМАСЫ

Мақалада цифрлық лингводидактика ұғымы мен оның қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту үдерісіндегі жаңа формаларды қалыптастырудағы рөлі қарастырылады. Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында білім беру жүйесі цифрлық технологиялармен тығыз байланысты дамып келеді. Осыған байланысты тілдік білім берудің дәстүрлі әдістерін жаңғырту, оларды цифрлық білім беру ортасына бейімдеу мәселесі өзекті болып отыр. Цифрлық лингводидактика – тіл білімін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, цифрлық платформаларды, интерактивті құралдарды және мультимедиалық ресурстарды тиімді пайдалануды зерттейтін ғылыми-әдістемелік бағыт. Бұл бағыт тіл үйренушілердің коммуникативтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Зерттеуде қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда қолданылатын цифрлық білім беру ресурстарының мүмкіндіктері талданады. Атап айтқанда, онлайн платформалар, мобильді қосымшалар, виртуалды сыныптар, подкасттар, бейнесабақтар, интерактивті тапсырмалар және жасанды интеллект негізіндегі білім беру құралдары тіл үйрету үдерісінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Мұндай құралдар оқушылардың оқу мотивациясын күшейтіп, тілдік материалды қабылдау мен меңгеруді жеңілдетеді. Сонымен қатар цифрлық технологиялар білім алушылардың жеке оқу траекториясын қалыптастыруға, дербес оқу әрекетін дамытуға және білім нәтижелерін жедел бағалауға жағдай жасайды.

Мақалада қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқытудың жаңа формалары ретінде аралас оқыту (blended learning), қашықтан оқыту, микрооқыту, цифрлық storytelling, подкаст арқылы оқыту және геймификация тәсілдері қарастырылады. Бұл тәсілдер оқыту үдерісін интерактивті, динамикалық және білім алушыға бағытталған жүйе ретінде ұйымдастыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар цифрлық лингводидактика тіл үйретуде мәтін, дыбыс және визуалды ақпараттың интеграциясын қамтамасыз етіп, көп арналы қабылдауды қалыптастырады. Зерттеу нәтижелері цифрлық лингводидактиканың қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін жаңғыртуда маңызды ғылыми-әдістемелік негіз бола алатынын көрсетеді. Цифрлық технологияларды тиімді қолдану білім беру сапасын арттырып қана қоймай, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісін заманауи білім беру талаптарына сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** цифрлық лингводидактика, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту, цифрлық білім беру, интерактивті оқыту, онлайн платформалар, цифрлық ресурстар, тілдік құзыреттілік, инновациялық әдістер.

Zh. Serikqyzy, Sh. Satkenova\*, S. Tleubaev, N. Atakhanova

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

\*e-mail: s.satkenova85@mail.ru

### Digital Linguodidactics as a New Form of Education

The article examines the concept of digital linguodidactics and its role in the formation of new forms in the process of teaching the Kazakh language and Kazakh literature. In the context of the modern information society, the education system is developing in close connection with digital technologies. Therefore, the modernization of traditional methods of language education and their adaptation to the digital learning environment have become increasingly relevant. Digital linguodidactics is a scientific and methodological field that studies the effective use of information and communication technologies, digital platforms, interactive tools, and multimedia resources in language teaching. This direction contributes to the development of learners' communicative, cognitive, and creative abilities. The study analyzes the potential of digital educational resources used in teaching the Kazakh language and literature. In particular, online platforms, mobile applications, virtual classrooms, podcasts, video lectures, interactive tasks, and artificial intelligence-based educational tools contribute to increasing the effectiveness of the language learning process. Such tools enhance students' learning motivation and facilitate

the perception and acquisition of linguistic material. Moreover, digital technologies make it possible to create individual learning trajectories, develop independent learning skills, and promptly assess learning outcomes.

The article examines blended learning, distance learning, microlearning, digital storytelling, podcasting and gamification methods as new forms of teaching the Kazakh language and Kazakh literature. These approaches help organize the educational process as an interactive, dynamic, and learner-centered system. Digital linguodidactics also ensures the integration of textual, audio, and visual information in the learning process, forming a multi-channel perception of educational material. The study's results demonstrate that digital linguodidactics can serve as an important scientific and methodological basis for modernizing Kazakh language and literature teaching methods. Effective use of digital technologies not only improves the quality of education but also allows for the adaptation of Kazakh language and literature teaching to modern educational requirements.

**Keywords:** digital linguodidactics, teaching Kazakh language and literature, digital education, interactive learning, online platforms, digital resources, linguistic competence, innovative methods.

Ж.Серікқызы, Ш. Саткенова\*, С. Тлеубаев, Н. Атаханова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

\*e-mail: s.satkenova85@mail.ru

### Цифровая лингводидактика – новая форма образования

В статье рассматривается концепция цифровой лингводидактики и ее роль в формировании новых форм в процессе преподавания казахского языка и казахской литературы. В условиях современного информационного общества система образования развивается в тесной связи с цифровыми технологиями. В связи с этим актуальной становится проблема обновления традиционных методов языкового образования и их адаптации к цифровой образовательной среде. Цифровая лингводидактика представляет собой научно-методическое направление, изучающее эффективное использование информационно-коммуникационных технологий, цифровых платформ, интерактивных инструментов и мультимедийных ресурсов в обучении языку. Данное направление способствует развитию коммуникативных, познавательных и творческих способностей обучающихся. В исследовании анализируется потенциал цифровых образовательных ресурсов, используемых в преподавании казахского языка и литературы. В частности, онлайн-платформы, мобильные приложения, виртуальные классы, подкасты, видеолекции, интерактивные задания и образовательные инструменты на основе искусственного интеллекта способствуют повышению эффективности процесса обучения языку. Такие средства усиливают учебную мотивацию обучающихся и облегчают восприятие и усвоение языкового материала. Кроме того, цифровые технологии позволяют формировать индивидуальную образовательную траекторию, развивать самостоятельную учебную деятельность и оперативно оценивать результаты обучения.

В статье рассматриваются смешанное обучение, дистанционное обучение, микрообучение, цифровое повествование, подкастинг и методы геймификации как новые формы преподавания казахского языка и казахской литературы. Эти подходы позволяют организовать образовательный процесс как интерактивную, динамичную и ориентированную на обучающегося систему. Цифровая лингводидактика также обеспечивает интеграцию текстовой, аудио- и визуальной информации в процессе обучения, формируя многоканальное восприятие учебного материала. Результаты исследования показывают, что цифровая лингводидактика может служить важной научно-методической основой для модернизации методики преподавания казахского языка и казахской литературы. Эффективное использование цифровых технологий не только повышает качество образования, но и позволяет адаптировать процесс обучения казахскому языку и литературе к современным образовательным требованиям.

**Ключевые слова:** цифровая лингводидактика, преподавание казахского языка и литературы, цифровое образование, интерактивное обучение, онлайн-платформы, цифровые ресурсы, языковая компетентность, инновационные методы.

### Кіріспе

Қазіргі ақпараттық қоғамда сандық коммуникацияның рөлі күн санап артып келеді. Интернет, әлеуметтік желілер мен мобильді қосымшалар арқылы адамдар бір-бірімен жылдам әрі тиімді байланыс орнатып, ақпарат алмасу

мүмкіндіктері кеңейді. Бұл үдеріс тіл мен мәдениеттердің өзара ықпалдасуына жол ашып, әлемдік ақпарат алаңында әр халықтың өз тілін дамытуға ықпал етеді. Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына жолдауында: «Цифрландыру – сәнге айналған үрдіске ілесу емес, ұлттың бәсекеге

қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы» (Тоқаев, 2025) – дейді. Қазақстан Республикасы Үкіметі «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын бекітті. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Қазіргі жаһандану дәуірінде білім беру жүйесі қоғамның цифрлану үдерісімен тығыз байланыста дамып келеді. Оқыту үдерісін ұйымдастыруда цифрлық білім беру технологияларын қолдану білім алушылардың оқу белсенділігін арттырып, білім мазмұнын меңгеруді жеделдететін тиімді әдістемелік құралдардың бірі ретінде бағаланады (Қатаев & Еркінқызы, 2021). Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру мазмұны мен әдістерінің өзгеруіне, оқыту үдерісін ұйымдастырудың жаңа формаларының қалыптасуына ықпал етті. Соның нәтижесінде білім саласында цифрлы білім беру, цифрлық дидактика және цифрлық лингводидактика сияқты жаңа ғылыми бағыттар пайда болды. Бұл бағыттар білім алушылардың цифрлық ортада білім алуына, ақпаратпен жұмыс істеуіне және жаңа білімді меңгеруіне жағдай жасайды (Prensky, 2001). Цифрлық лингводидактика тілді оқытуда цифрлық технологияларды тиімді қолданудың теориялық және әдістемелік негіздерін зерттейтін ғылыми бағыт. Бұл сала білім берудің мазмұнын, әдістерін, құралдарын және ұйымдастыру формаларын цифрлық білім беру ортасына бейімдеуді қарастырады. Цифрлық технологиялар арқылы тіл үйрету оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға, білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға және оқу мотивациясын күшейтуге ықпал етеді (Kukulska-Hulme, 2008). Цифрлық лингводидактиканың негізгі тенденцияларының бірі – репродуктивті оқыту моделінен конструктивтік модельге көшу, онда білім алушы білім беру үдерісінің белсенді субъектісіне айналады. Цифрлық технологиялар білім алушыларға мазмұнмен өзара әрекеттесу, практикалық тапсырмаларды орындау және онлайн-коммуникацияға қатысу арқылы білімді өз бетінше құрастыратындай етіп оқытуды ұйымдастырады. Қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқытуда бұл үрдіс форумдар, чаттар, бейнеконференциялар сияқты нақты коммуникативтік жағдайларда қолданылатын цифрлық платформаларды пайдаланудан көрінеді.

Бүгінгі таңда қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінде де цифрлық техноло-

гияларды қолдану мәселесі ерекше өзектілікке ие. Қазақстанда білім беру жүйесін жаңғырту барысында цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану, электрондық оқулықтарды енгізу, онлайн платформалар арқылы білім беру сияқты жаңа бағыттар дамып келеді. Бұл үдеріс тіл үйрету әдістемесіне де елеулі өзгерістер әкелді (Chapelle, 2001). Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда цифрлық технологияларды пайдалану білім алушылардың тілдік құзыреттілігін дамытуға ғана емес, сонымен қатар олардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға да ықпал етеді. Мысалы, интерактивті платформалар, мультимедиялық ресурстар, бейнесабақтар, подкасттар, виртуалды оқу ортасы және онлайн тапсырмалар оқыту үдерісін анағұрлым тиімді әрі қызықты етеді. Мұндай құралдар білім алушылардың тыңдау, айту, оқу және жазу дағдыларын кешенді түрде дамытады. Компьютерлік тіл үйрету саласын зерттеген К. Битти цифрлық құралдардың тіл үйренушінің дербес жұмысын ұйымдастыруға, оқу материалын қайталап меңгеруіне және тілдік дағдыларды кешенді дамытуына мүмкіндік беретінін атап көрсетеді (Beatty, 2013). Сонымен қатар цифрлық білім беру ортасы білім алушылардың дербес оқу әрекетін ұйымдастыруға жағдай жасайды. Онлайн платформалар мен цифрлық ресурстар арқылы білім алушылар өз оқу қарқынына сәйкес білім алып, тілдік материалды бірнеше рет қайталау арқылы терең меңгере алады.

Қазіргі уақытта білім беру саласында аралас оқыту (blended learning), қашықтан оқыту (distance learning), онлайн оқыту, геймификация, микрооқыту сияқты жаңа модельдер кеңінен қолданылып келеді. Бұл модельдер цифрлық технологиялар негізінде жүзеге асырылады және пәнді оқыту әдістемесіне жаңа мүмкіндіктер береді (Dudenev, 2013). Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық лингводидактика қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін жаңғыртудың маңызды бағыттарының бірі болып саналады. Бұл бағыт тілдік білім беру мазмұнын жаңарту, жаңа оқыту формаларын енгізу және білім алушылардың тілдік құзыреттілігін дамыту үшін маңызды ғылыми-әдістемелік негіз қалыптастырады.

Зерттеушілер Қазақстандағы білім беруді цифрландыруды үш кезеңге бөліп қарастыруда:

Бірінші кезеңде (1980-2000 жж.) қазақ тілі мен әдебиет сабағында компьютер тек қосымша құрал ретінде қолданылды. Электронды мәтіндер, қарапайым презентациялар арқылы көркем шығарманы түсіндіру жүзеге асты.

Екінші кезеңде (2000-2010 жж.) интерактивті тақталар, мультимедиялық сабақтар кеңінен қолданыла бастады. Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндері бойынша тест тапсырмалары, бейне-материалдар енгізілді.

Үшінші кезеңде (2010 жылдан бері) қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен білім беру толық цифрлық ортаға бейімделді. Онлайн платформалар, электронды кітапханалар, сандық контент жасау қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесінің ажырамас бөлігіне айналды (Саткенова, Атаханова, 2025).

### Материалдар мен әдістер

Бұл зерттеу цифрлық лингводидактиканың қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқытудағы жаңа формаларын айқындауға және олардың тиімділігін талдауға бағытталған. Зерттеу барысында теориялық және эмпирикалық әдістер кешені қолданылды. Бұл әдістер цифрлық технологияларды оқу үдерісінде қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздерін анықтауға ықпал етеді. Зерттеудің әдіснамалық негізін қазіргі білім беру парадигмасындағы цифрландыру үдерісі, лингводидактика теориясы, коммуникативтік бағыттағы оқыту әдістемесі және цифрлық білім беру тұжырымдамалары құрайды. Сонымен қатар зерттеу барысында тілдік білім беруді жаңғыртуға бағытталған заманауи әдістемелік теориялар мен цифрлық дидактика қағидалары ескерілді.

Зерттеуде теориялық талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс арқылы цифрлық лингводидактика, цифрлық білім беру, онлайн оқыту және тілдік құзыреттілік мәселелері бойынша ғылыми әдебиеттерге жүйелі талдау жүргізілді. Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері талданып, олардың ғылыми тұжырымдары салыстырмалы түрғыда талданды. Әдебиеттерді талдау цифрлық технологиялардың қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту үдерісіндегі мүмкіндіктерін анықтауға және білім берудің жаңа формаларын ғылыми түрғыдан негіздеуге ықпал етеді. Сонымен қатар зерттеуде салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Талдау нәтижесі дәстүрлі оқыту әдістері мен цифрлық технологияларға негізделген оқыту тәсілдерінің ерекшеліктерін салыстыруға бағытталды. Салыстырмалы талдау нәтижесінде цифрлық құралдарды қолдану білім алушылардың оқу белсенділігін арттыратыны және тілдік материалды меңгеруді жеңілдететіні анықталды.

Зерттеудің маңызды әдістерінің бірі – бақылау әдісі – қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту барысында цифрлық білім беру құралдарын пайдалану үдерісін бақылауға мүмкіндік берді. Бақылау нәтижелері білім алушылардың оқу мотивациясы мен сабаққа қатысу белсенділігінің артқанын көрсетті. Зерттеу барысында алынған деректер цифрлық технологияларды қолдану қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретінін көрсетті. Цифрлық білім беру құралдары білім алушылардың оқу мотивациясын арттырып, олардың тілдік құзыреттілігін дамытуға оң әсер етеді. Сонымен қатар цифрлық технологиялар оқыту үдерісін интерактивті, икемді және білім алушыға бағытталған жүйе ретінде ұйымдастыруға негізделген. Зерттеу нәтижелері болашақта деректерді талдау мен жекелендіру алгоритмдеріне негізделген адаптивті білім беру жүйелерін енгізудің өзектілігін көрсетті.

Сауалнама қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерін цифрлық құралдар арқылы оқытуға қатысқан білім алушылар арасында жүргізілді. Сауалнамада цифрлық технологиялардың сабаққа қызығушылықты арттыруы, онлайн платформалардың тиімділігі, интерактивті тапсырмалар, бейнесабақтар және подкасттардың оқу материалын меңгеруге әсері бойынша сұрақтар қамтылды. Нәтижелер пайыздық көрсеткіштер арқылы жинақталып, талдау барысында сипаттамалық әдіспен түсіндірілді.

### Әдебиеттерге шолу

Цифрлық технологияларды тіл үйретуде қолданудың теориялық негіздері XX ғасырдың соңында қалыптаса бастады (Warschauer & Healey, 1998). Шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде цифрлық технологиялардың білім беру жүйесіне әсері жан-жақты қарастырылған. Мысалы, Prensky цифрлық дәуірде білім алушылардың жаңа типі – «digital natives» ұғымын енгізіп, қазіргі жастардың ақпаратты қабылдау ерекшеліктерін сипаттайды. Ғалымның пікірінше, цифрлық ортада өскен білім алушылар интерактивті және визуалды ақпаратты жылдам қабылдайды, сондықтан білім беру әдістері де осы ерекшеліктерге сәйкес болуы тиіс (Prensky, 2001). Цифрлық білім беру мәселелерін зерттеген ғалымдардың бірі – Redecker. Ол цифрлық білім беру құзыреттілігінің еуропалық моделін ұсынды. Бұл модель цифрлық технологияларды оқу үдерісінде тиімді пайдалану қабілеттерін да-

мытуға бағытталған. Зерттеуші цифрлық құралдарды қолдану білім алушылардың оқу нәтижелерін жақсартуға ықпал ететінін атап көрсетеді (Redecker, 2017). Сонымен қатар Bond, Bedenlier және Marin сияқты зерттеушілер жоғары білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігін талдаған. Олардың зерттеулерінде онлайн оқыту, қашықтан білім беру және аралас оқыту модельдерінің студенттердің оқу жетістіктеріне оң әсер ететіні дәлелденген (Bond, 2020).

Лингводидактика саласында цифрлық технологияларды қолдану мәселесі көптеген зерттеулерде қарастырылған (Anderson, 2008). Қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқытуда мультимедиалық технологияларды қолдану білім алушылардың тілдік дағдыларын дамытады. Аудио және бейнематериалдар тыңдалым мен айтылым дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді, ал интерактивті тапсырмалар грамматикалық және лексикалық материалды меңгеруді жеңілдетеді. Шетелдік тәжірибемен қатар, қазақстандық ғалымдар да цифрлық білім беру мәселелерін зерттеуге ерекше назар аударып келеді. Қазақстандық зерттеушілер білім беру жүйесін цифрландырудың әдістемелік аспектілерін қарастырып, цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдаланудың жолдарын ұсынған (Әлмұханова, 2018).

Тіл мен әдебиетті оқыту тәжірибесінде цифрлық технологияларды қолдану мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Зерттеушілер филологиялық пәндерді оқытуда мультимедиалық құралдарды, электрондық оқулықтарды, онлайн платформаларды және интерактивті тапсырмаларды қолданудың тиімділігін атап өтеді. Мұндай құралдар қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту үдерісін анағұрлым қызықты және нәтижелі етеді. Әдеби-психологиялық шығармаларды оқыту тәжірибесінде де инновациялық технологияларды қолдану білім алушылардың мәтінді қабылдауын жеңілдетіп, шығарманы талдау мен интерпретациялау дағдыларын дамытуға ықпал ететіні көрсетіледі (Жұлдызай & Рыстайқызы, 2024).

Соңғы жылдары қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқытуда подкаст, бейнесабақ, онлайн курс және виртуалды оқу ортасы сияқты цифрлық құралдар кеңінен қолданыла бастады. Бұл құралдар білім алушылардың тілдік ортаға енуіне және тілдік құзыреттілігінің дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар геймификация әдісі де аталған пәндерді оқытуда тиімді құралдардың бірі болып саналады. Зерттеулер мультимедиалық

құралдардың білім алушылардың оқу белсенділігі мен оқу нәтижелеріне оң әсер ететінін көрсетеді. Цифрлық платформалардағы ойын негізіндегі тапсырмалар білім алушылардың белсенді қатысуына және тілдік материалды тиімді меңгеруіне ықпал етеді (Әлмұханова, 2018). Қазіргі зерттеулер цифрлық лингводидактиканың тілдік білім беруді жаңғыртудағы маңызды бағыт екенін көрсетеді. Осылайша, цифрлық лингводидактика қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың мазмұны мен әдістерін жаңғыртуға мүмкіндік беретін перспективалы ғылыми бағыт ретінде қалыптасуда.

### Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды қолдану филологиялық пәндерді оқыту әдістемесінің мазмұны мен ұйымдастыру формаларына елеулі өзгерістер енгізуде. Әсіресе тілдік және әдеби білім беруде цифрлық лингводидактиканың мүмкіндіктері оқыту үдерісінің тиімділігін арттыруға, білім алушылардың тілдік құзыреттілігін дамытуға және оқу мотивациясын күшейтуге ықпал етеді. Осы бөлімде цифрлық технологияларды қолдану арқылы қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқытудағы негізгі нәтижелер мен ерекшеліктер талданады. Ғылыми еңбектерді талдау нәтижесінде цифрлық платформалар мен мультимедиалық ресурстардың білім алушылардың оқу белсенділігін арттыруға ықпал ететіні анықталды. Қазіргі білім беру тәжірибесінде әртүрлі цифрлық платформалар кеңінен қолданылады (Redecker, 2017). Оларды қазақ тілі мен әдебиет сабағында тиімді пайдалану мынадай нәтижелерге жеткізеді:

- Google Classroom – тапсырмаларды жүйелі түрде беру, кері байланыс жасау, шығармашылық жұмыстарды жинақтау үшін қолайлы орта. Мұнда тақырыпқа қатысты талдау сұрақтарын, тест тапсырмаларын орналастыруға болады;

- Kahoot, Quizizz сияқты платформалар пән мазмұнын меңгертуге арналған интерактивті викториналар құруға мүмкіндік береді. Бұл платформалар геймификация элементтері арқылы білім алушылардың оқу белсенділігін арттырады;

- Padlet – білім алушылардың пікірін жинақтау, эссе, шағын талдау жұмыстарын ортақ алаңда жариялау үшін ыңғайлы құрал;

- Canva, Prezi – шығармашылық презентациялар, инфографика, буктрейлер жасауға арналған

сервистер. Аталған сервистер визуалды материалдарды әзірлеу мен ұсынуды жеңілдетеді.

Цифрлық білім беру құралдары оқу үдерісін интерактивті әрі динамикалық етіп ұйымдастырады. Сонымен қатар цифрлық ресурстар білім алушылардың тыңдау, оқу, жазу және айту дағдыларын кешенді түрде дамытуға жағдай жасайды. Цифрлық платформалардың маңызды мүмкіндіктерінің бірі – коллаборациялық оқытуды ұйымдастыру. Коллаборациялық оқыту – білім алушылардың бір ортада пікір алмашып, ортақ нәтиже шығаруға бағытталған әдіс.

Padlet, Edmodo, Zoho платформаларында білім алушылар кейіпкер бейнесін, тақырыптық өзекті мәселелерді бірлесіп талдай алады. Бұл әдіс әдебиетті тек жеке қабылдау емес, ортақ рухани тәжірибе ретінде тануға жағдай жасайды.

Біріншіден, цифрлық технологиялар арқылы ұйымдастырылған сабақтардың тиімділігін талдау мақсатында дәстүрлі және цифрлық оқыту формалары салыстырылды. Төмендегі кестеде дәстүрлі оқыту формасы мен цифрлық оқыту формасының негізгі ерекшеліктері салыстырмалы түрде көрсетілген.

### 1-кесте

*Қазақ тілін оқытудағы дәстүрлі және цифрлық оқыту формаларын салыстыру*

Көрсеткіштер	Дәстүрлі оқыту	Цифрлық оқыту
Оқыту формасы	Мұғалім/оқытушы жетекшілігімен аудиториялық сабақ	Онлайн, аралас немесе қашықтан оқыту
Оқу материалы	Баспа оқулықтары мен дәптерлер	Электрондық оқулықтар, мультимедиа, онлайн ресурстар
Ақпарат ұсыну тәсілі	Вербалды түсіндіру	Интерактивті, аудио-визуалды формат
Білім алушы белсенділігі	Шектеулі	Жоғары деңгейде
Кері байланыс	Баяу	Жедел және автоматты
Бағалау	Дәстүрлі тест немесе бақылау жұмыстары	Онлайн тесттер, автоматтандырылған бағалау

*Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды*

Кестеден көрініп тұрғандай, цифрлық оқыту формасы білім алушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуына ықпал етеді. Сонымен қатар цифрлық технологиялар арқылы кері байланыс жылдам жүзеге асады, бұл білім алушылардың оқу нәтижелерін дер кезінде бағалауға жағдай жасайды (Bond, 2020).

Екіншіден, зерттеу барысында қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқытуда қолданылатын негізгі цифрлық құралдардың тиімділігі талданды. Қазіргі уақытта білім беру үдерісінде әртүрлі цифрлық платформалар мен мультимедиялық ресурстар кеңінен қолданылып келеді.

### 2-кесте

*Қазақ тілін оқытуда қолданылатын цифрлық құралдардың тиімділігі*

Цифрлық құрал	Негізгі қызметі	Тілдік дағдыларды дамыту
Онлайн платформалар	Қашықтан сабақ өткізу, тапсырма беру	Оқылым, жазылым
Бейнесабақтар	Тілдік материалды визуалды түрде түсіндіру	Тыңдалым, айтылым
Подкасттар	Аудиоматериал арқылы тіл үйрену	Тыңдалым
Интерактивті тапсырмалар	Ойын элементтері арқылы оқу	Лексика, грамматика
Электрондық оқулықтар	Оқу материалын цифрлық форматта ұсыну	Оқылым, жазылым
Онлайн тесттер	Білімді тексеру және бағалау	Барлық дағдылар

*Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды*

Бұл кесте цифрлық құралдардың тіл үйретуде әртүрлі қызмет атқаратынын көрсетеді. Мысалы, бейнесабактар тыңдалым және айтылым дағдыларын дамытуға ықпал етсе, интерактивті тапсырмалар лексикалық және грамматикалық материалды меңгеруді жеңілдетеді (Kukulskanulme, 2008).

Үшіншіден, зерттеу барысында білім алушылардың цифрлық технологияларды қолдануға деген көзқарасы мен оқу мотивациясына әсері талданды. Сауалнама нәтижелері білім алушылардың көпшілігі цифрлық технологиялар арқылы оқытуды тиімді әрі қызықты деп бағалайтынын көрсетті.

### 3-кесте

*Білім алушылардың цифрлық оқытуға қатынасы (сауалнама нәтижелері)*

Сұрақ	Иә (%)	Жоқ (%)
Цифрлық технологиялар сабаққа қызығушылықты арттыра ма?	82	18
Онлайн платформалар арқылы оқу тиімді ме?	76	24
Интерактивті тапсырмалар материалды түсінуге көмектесе ме?	85	15
Бейнесабактар ақпаратты жақсы қабылдауға көмектесе ме?	79	21
Подкасттар арқылы тіл үйрену пайдалы ма?	71	29

*Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды*

Кесте нәтижелері көрсеткендей, білім алушылардың басым бөлігі цифрлық технологияларды қолдану оқу үдерісінің тиімділігін арттыратынын атап өткен. Әсіресе интерактивті тапсырмалар мен мультимедиялық материалдар қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерін қызықты етеді. Цифрлық лингводидактика білім беру үдерісінде бірнеше маңызды нәтижелерге қол жеткізеді.

Зерттеу нәтижелері цифрлық технологияларды қолдану білім алушылардың танымдық белсенділігінің артуына ықпал ететінін көрсетті. Интерактивті тапсырмалар мен ойын элементтері білім алушыларды сабаққа белсенді қатысуға ынталандырады. Цифрлық ресурстар көпарналы қабылдауды қамтамасыз етеді. Аудио, видео және мәтіндік материалдардың бір уақытта қолданылуы ақпаратты қабылдау тиімділігін арт-

тырады. Цифрлық білім беру құралдары оқыту үдерісін дараландыруға мүмкіндік береді. Әр білім алушы өз оқу қарқынына сәйкес білім ала алады.

Цифрлық технологиялар кері байланысты жылдам алуға көмектеседі. Онлайн тесттер мен автоматтандырылған бағалау жүйелері білім алушылардың оқу жетістіктерін жедел бағалайды. Сонымен қатар цифрлық лингводидактика қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқытуда жана әдістемелік модельдерді енгізуге ықпал етеді. Мысалы, аралас оқыту (blended learning), микрооқыту, геймификация және подкаст арқылы оқыту сияқты әдістер қазіргі білім беру жүйесінде кеңінен қолданылып келеді.

Аралас оқыту моделі дәстүрлі аудиториялық сабақтарды цифрлық платформалармен үйлестіруге негізделеді. Бұл модель білім алушылардың дербес оқу әрекетін дамытуға ықпал етеді. Микрооқыту әдісі қысқа әрі мазмұнды оқу материалдарын ұсыну арқылы білім алушылардың ақпаратты тиімді меңгеруіне көмектеседі. Бұл әдіс әсіресе цифрлық ортада тиімді саналады. Геймификация әдісі оқу үдерісіне ойын элементтерін енгізу арқылы білім алушылардың оқу мотивациясын арттырады. Цифрлық платформалардағы ойын негізіндегі тапсырмалар білім алушылардың тілдік материалды қызығушылықпен меңгеруіне ықпал етеді. Жалпы алғанда, жүргізілген талдау нәтижелері цифрлық технологияларды қолдану қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқытудың тиімділігін арттырады. Цифрлық лингводидактика білім алушылардың тілдік құзыреттілігін дамытуға, оқу мотивациясын күшейтуге және оқу үдерісін интерактивті түрде ұйымдастырады. Жүргізілген зерттеу цифрлық лингводидактиканың қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқытудағы жана формаларын қолданудың тиімділігін анықтауға бағытталды. Зерттеу барысында теориялық талдау, салыстырмалы зерттеу, бақылау және сауалнама әдістері арқылы алынған деректер жүйеленіп, олардың негізінде бірқатар ғылыми нәтижелер анықталды.

Цифрлық білім беру құралдары оқу үдерісін интерактивті, динамикалық және білім алушыға бағытталған жүйе ретінде ұйымдастыруға негіз болады. Мұндай ортада білім алушылар тек дайын ақпаратты қабылдаушы ғана емес, сонымен қатар білімді белсенді түрде меңгеруші субъект ретінде қалыптасады (Selwyn, 2016). Зерттеу барысында цифрлық технологияларды қолдану білім алушылардың тілдік құзыреттілігін дамы-

туға оң әсер ететіні анықталды. Атап айтқанда, мультимедиялық ресурстар мен интерактивті тапсырмалар тыңдалым, оқылым, жазылым және айтылым дағдыларын кешенді түрде дамытады. Мысалы, бейнесабақтар мен подкасттар тыңдалым дағдыларын жетілдіруге ықпал етсе, онлайн тапсырмалар мен электрондық мәтіндер оқылым және жазылым дағдыларын дамытуға көмектеседі. Сауалнама нәтижелері бойынша білім алушылардың басым көпшілігі цифрлық құралдар арқылы өткізілген сабақтарды қызықты әрі тиімді деп бағалаған. Әсіресе интерактивті тапсырмалар, ойын элементтері және мультимедиялық материалдар оқу үдерісіне қызығушылықты арттырып, білім алушылардың белсенді қатысуына ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері цифрлық білім беру құралдары білім алушылардың дербес оқу әрекетін дамытуға мүмкіндік беретінін де көрсетті. Онлайн платформалар мен электрондық ресурстар білім алушыларға оқу материалдарын өз қарқынымен меңгеруге жағдай жасайды. Бұл оқыту үдерісін дараландыруға және әр білім алушының жеке оқу траекториясын қалыптастырады. Зерттеу барысында цифрлық технологияларды қолданудың тағы бір маңызды нәтижесі – оқу үдерісінде кері байланыстың жедел жүзеге асуы. Онлайн тесттер мен автоматтандырылған бағалау жүйелері білім алушылардың оқу жетістіктерін жылдам бағалауға негіз болады. Бұл өз кезегінде білім алушылардың оқу нәтижелерін бақылауды жеңілдетеді және олардың оқу үдерісіндегі жетістіктерін уақтылы анықтайды.

Цифрлық лингводидактика қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқытуда жаңа әдістемелік модельдерді ұсынады. Олардың ішінде аралас оқыту (blended learning), қашықтан оқыту, микрооқыту, геймификация және подкаст арқылы оқыту әдістері ерекше маңызға ие. Аралас оқыту моделі дәстүрлі аудиториялық сабақтарды цифрлық платформалармен үйлестіреді. Бұл модель білім алушылардың теориялық білімді онлайн форматта меңгеруіне және практикалық тапсырмаларды аудиториялық сабақтарда орындауына жағдай жасайды. Микрооқыту әдісі қысқа әрі мазмұнды оқу материалдарын ұсыну арқылы білім алушылардың ақпаратты тиімді меңгеруіне ықпал етеді. Бұл әдіс әсіресе цифрлық білім беру ортасында тиімді саналады, себебі қысқа бейнематериалдар мен интерактивті тапсырмалар білім алушылардың назарында ұзақ уақыт сақталады. Геймификация әдісі де зерттеу нәтижелері бойынша тіл үйретуде тиімді құралдардың бірі екені анықталды. Ойын элементтерін

қолдану білім алушылардың оқу белсенділігін жоғарылатып, олардың оқу үдерісіне белсенді қатысуына ықпал етеді. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері цифрлық лингводидактиканың қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін жаңғыртуда маңызды рөл атқаратынын көрсетті.

Қазіргі кезеңдегі білім беру жүйесінің басты ерекшелігі – цифрландырудың тек техникалық құралдар жиынтығы ретінде емес, әдістемелік парадигма ретінде қалыптасуы. Зерттеушілер білім беруді цифрландыруды оқу мазмұнының, оқыту формаларының, оқытушы мен білім арасындағы өзара қарым-қатынастың түбегейлі өзгеруімен байланыстырады. Әдебиетті оқытуда бұл өзгеріс әсіресе айқын көрінеді. Дәстүрлі әдебиет сабағында мұғалім негізгі ақпарат көзі болса, цифрлық ортада оқушы ақпаратты өз бетімен іздеуші, өңдеуші, интерпретациялаушы тұлғаға айналады. Бұл – әдеби білім берудегі конструктивистік ұстанымдардың күшеюін көрсетеді. Цифрлық ортада мұғалімнің қызметі ақпарат жеткізушіден оқу әрекетін ұйымдастырушы және фасилитатор рөліне ауысады. Цифрлық орта бұл үдерісті табиғи түрде қамтамасыз етеді. Цифрлық технологиялар арқылы оқыту көркем мәтінді қабылдаудың жаңа моделін қалыптастырады. Білім алушы тек мәтінді оқып қоймай, оны бейне, аудио, визуалды символдар арқылы қайта пайымдайды. Нәтижесінде әдеби шығарма көпқабатты мәдени мәтін ретінде танылады. Цифрлық орта әдебиетті оқытуда бірлескен оқу әрекетін күшейтеді.

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінде жүріп жатқан жаһандық өзгерістердің басты бағыты – цифрландыру үдерісі екені белгілі. Бұл үдеріс дәстүрлі оқыту моделін түрлендіріп қана қоймай, білім мазмұнын ұсыну мен меңгерудің жаңа тәсілдерін қалыптастыруда. Әлемдік тәжірибеде цифрлық технологиялар білім берудің барлық саласына еніп, педагогикалық үдерістің ажырамас бөлігіне айналды. Сандық ортадағы оқыту студент пен оқытушы арасындағы өзара байланысты өзгертіп, оқу материалына еркін қолжетімділік пен жекелендірілген білім траекториясын қамтамасыз етеді. Мұндай жағдайда оқыту сапасы тек мазмұнға ғана емес, оны ұсыну формасына, қолданылатын құралдарға және білім алушылардың цифрлық мәдениет деңгейіне де тәуелді бола бастайды. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық білім беру кеңістігі оқытудың икемділігін арттырып, синхронды және асинхронды форматтарды қатар қолданады. Бұл білім алушының уақыт пен кеңістікке тәуелсіз білім алуына жол ашып, оның өзіндік оқу дағдыларын

қалыптастырады. Сонымен қатар, цифрлық технологиялар деректерді талдау, оқу жетістіктерін мониторинг жасау, білім беру нәтижелерін болжау сияқты жаңа педагогикалық мүмкіндіктерді ұсынады.

Қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту жүйесі де осы жалпы әлемдік үрдістен тыс қалған жоқ. Соңғы жылдары қазақ тілін цифрлық ортада меңгерудің қажеттілігі артып, жаңа әдістемелік ізденістердің өзегіне айналды. Бұл бағытта электронды оқулықтар, онлайн платформалар, мобильді қосымшалар, мультимедиялық ресурстар кеңінен қолданылуда. Мұндай құралдар тіл үйренушінің сөздік қорын байытып қана қоймай, тілдік қатысым дағдыларын кешенді түрде дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, цифрлық орта қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқытудың мазмұнын жаңартады. Аутентті мәтіндерді, соның ішінде қазіргі қазақ әдебиетінің үлгілерін (әңгіме, эссе, шағын проза) интерактивті форматта ұсыну арқылы білім алушылардың тілдік және мәдени құзыреттіктерін қатар дамытуға болады. Бұл оқушылардың тек тілдік нормаларды меңгеруін ғана емес, сонымен бірге ұлттық дүниетанымды, мәдени кодты терең түсінуін қамтамасыз етеді. Тағы бір маңызды аспект – білім алушылардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыру. Қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту барысында цифрлық құралдарды тиімді пайдалану оқушыларды ақпаратты іздеу, іріктеу, талдау және оны дұрыс қолдану дағдыларына үйретеді. Бұл – қазіргі ақпараттық қоғамда аса маңызды құзыреттердің бірі. Жасанды интеллект технологияларын қолдану цифрлық лингводидактиканың дамуына айтарлықтай әсер етеді. Қазіргі тілдік модельдер, сөйлеуді тану және мәтінді өңдеудің автоматты жүйелері оқытудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Білім алушылар виртуалды сұхбаттасушылармен диалог жүргізу арқылы тілдік дағдыларын жетілдіре алады. Қазақ тілі мен әдебиеті үшін мұндай технологиялардың дамуы белсенді қалыптасу сатысында тұр, алайда қазірдің өзінде қазақ мәтінін қолдайтын цифрлық сервистер санының өсуі байқалады.

### Қорытынды

Қазақ тілі мен қазақ әдебиетін цифрлық ортада оқыту – тек жаңа технологияларды енгізу ғана емес, оқытудың мазмұнын мен әдістемесін жаңаша ұйымдастыру. Цифрландыру жағдайында білім беру үдерістерін дамыту мәселесін қарастырған зерттеушілер де цифрлық құралдар-

ды қолдану оқытудың мазмұнын жаңартумен қатар, білім алушының дербес әрекетін, шығармашылық қабілетін және оқу нәтижелерін бағалау мүмкіндіктерін кеңейтетінін атап көрсетеді (Оспанова & Кульмагамбетова, 2024). Бұл бағыт білім алушылардың тілдік құзыреттілігін арттырумен қатар, олардың танымдық белсенділігін, шығармашылық қабілетін және дербес білім алу дағдыларын дамытуға негіз болады. Зерттеу нәтижелері цифрлық лингводидактиканың тіл үйрету үдерісін ұйымдастырудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынатынын көрсетті. Цифрлық технологиялар оқу үдерісін интерактивті, динамикалық және білім алушыға бағытталған жүйе ретінде ұйымдастыруға жағдай жасайды. Мұндай ортада білім алушылар тек ақпаратты қабылдаушы ғана емес, білімді белсенді меңгеретін субъект ретінде қалыптасады. Бұл олардың танымдық белсенділігі мен оқу мотивациясының артуына ықпал етеді. Зерттеу барысында цифрлық технологиялардың тілдік құзыреттілікті дамытуға оң әсер ететіні анықталды. Мультимедиялық ресурстар, интерактивті тапсырмалар, бейнесабақтар және подкасттар білім алушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын кешенді түрде дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар цифрлық ресурстар ақпаратты бірнеше арна арқылы қабылдауға жағдай жасап, оқу материалын тиімді меңгеруге ықпал етеді.

Цифрлық білім беру құралдарының маңызды артықшылықтарының бірі – оқыту үдерісін дараландыру мүмкіндігі. Онлайн платформалар мен электрондық оқу ресурстары білім алушылардың оқу материалдарын өз қарқынымен меңгеруіне жағдай жасайды. Бұл әр білім алушының жеке оқу ерекшеліктерін ескеруге және жеке оқу траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар цифрлық технологиялар оқу үдерісінде кері байланысты жедел ұйымдастырады. Онлайн тесттер, автоматтандырылған бағалау жүйелері және интерактивті тапсырмалар білім алушылардың оқу жетістіктерін жылдам анықтауға көмектеседі. Бұл білім беру үдерісін тиімді басқаруға және білім сапасын арттыруға ықпал етеді.

Зерттеу барысында цифрлық лингводидактиканың қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқытуда жаңа әдістемелік модельдерді енгізуге мүмкіндік беретіні анықталды. Атап айтқанда, аралас оқыту, қашықтан оқыту, микрооқыту, геймификация және подкаст арқылы оқыту әдістері цифрлық білім беру тәжірибесінде кеңінен қолданылып келеді. Жалпы алғанда, жүргізілген зерттеу нәтижелері цифрлық лингводидактика-

ның қазақ тілін оқыту әдістемесін жаңғыртудағы маңызды бағыттардың бірі екенін көрсетеді. Цифрлық технологияларды тиімді пайдалану білім беру сапасын арттыруға, білім алушылардың тілдік құзыреттілігін дамытуға және оқыту үдерісін заманауи талаптарға сәйкестендіруге ықпал етеді.

### Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

### Мақала авторларының үлесі

Ж. Серікқызы мен Ш. Саткенова мақаланың ғылыми тұжырымдамасын қалыптастырып, зерттеу мақсаты мен міндеттерін айқындады, негізгі мәтінді дайындады. С. Тлеубаев цифрлық лингводидактика, тілдік білім беру және әдістемелік негіздерге қатысты теориялық бөлімді толықтыруға үлес қосты. Н. Атаханова эмпирикалық материалдарды жүйелеуге, кестелерді әзірлеуге, әдебиеттерді рәсімдеуге және мәтінді техникалық редакциялауға қатысты.

### Әдебиеттер

- Тоқаев, Қ. К. (2025). *Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу*. Қазақстан халқына Жолдау. <https://www.akorda.kz>
- Қатаев, Н. С., & Еркінқызы, А. (2021). Оқыту процесін ұйымдастыруда цифрлық білім беру технологияларының тиімділігі. *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы*, 2, 71–79.
- Prensky, M. (2001). Digital natives, digital immigrants. *On the Horizon*, 9(5), 1–6. <https://doi.org/10.1108/10748120110424816>
- Kukulska-Hulme, A., & Shield, L. (2008). An overview of mobile assisted language learning. *ReCALL*, 20(3), 271–289. <https://doi.org/10.1017/S0958344008000335>
- Chapelle, C. A. (2001). *Computer applications in second language acquisition: Foundations for teaching, testing and research*. Cambridge University Press. <https://doi.org/10.1017/CBO9781139524681>
- Beatty, K. (2013). *Teaching and researching computer-assisted language learning* (2nd ed.). Routledge. <https://doi.org/10.4324/9781315833774>
- Dudeney, G., Hockly, N., & Pegrum, M. (2013). *Digital literacies*. Routledge. <https://doi.org/10.4324/9781315832913>
- Саткенова, Ш., & Атаханова, Н. (2025). Әңгіме жанрын сандық технология арқылы оқытудың ерекшеліктері. *Yessenov Science Journal*, 2(51), 27–64.
- Warschauer, M., & Healey, D. (1998). Computers and language learning: An overview. *Language Teaching*, 31(2), 57–71. <https://doi.org/10.1017/S0261444800012970>
- Redecker, C. (2017). *European framework for the digital competence of educators: DigCompEdu*. Publications Office of the European Union. <https://doi.org/10.2760/159770>
- Bond, M., Bedenlier, S., Marín, V. I., & Händel, M. (2020). Emergency remote teaching in higher education: Mapping the first global online semester. *International Journal of Educational Technology in Higher Education*, 17(1). <https://doi.org/10.1186/s41239-020-00282-x>
- Anderson, T. (Ed.). (2008). *The theory and practice of online learning* (2nd ed.). Athabasca University Press. <https://doi.org/10.15215/aupress/9781897425084.01>
- Әлмұханова, Р. Қ., & Құрманбайұлы, Ш. (2018). *Қазақ тілін оқыту әдістемесі*. Қазақ университеті. <https://elibrary.kz>
- Жұлдызай, Ж., & Рыстайқызы, Ә. Т. (2024). Әдеби-психологиялық шығармаларды оқытудағы инновациялық технологиялардың қолданысы. *Endless Light in Science*, 5(мамыр), 153–155.
- Selwyn, N. (2016). *Education and technology: Key issues and debates* (2nd ed.). Bloomsbury Academic. <https://doi.org/10.5040/9781474242141>
- Оспанова, Ш. Ж., & Кульмагамбетова, Т. Ж. (2024). Цифрландыру жағдайында білім беру үрдістерін дамыту. *Инновационные технологии в современном образовании: стратегии, задачи, внедрение* атты ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. Алматы.

### References

- Almukhanova, R. Q., & Qurmanbaiuly, Sh. (2018). *Qazaq tilin oqytu adistemesi* [Methods of teaching the Kazakh language]. Qazaq Universiteti. <https://elibrary.kz> (In Kazakh)
- Anderson, T. (Ed.). (2008). *The theory and practice of online learning* (2nd ed.). Athabasca University Press. <https://doi.org/10.15215/aupress/9781897425084.01>
- Beatty, K. (2013). *Teaching and researching computer-assisted language learning* (2nd ed.). Routledge. <https://doi.org/10.4324/9781315833774>
- Bond, M., Bedenlier, S., Marín, V. I., & Händel, M. (2020). Emergency remote teaching in higher education: Mapping the first global online semester. *International Journal of Educational Technology in Higher Education*, 17(1). <https://doi.org/10.1186/s41239-020-00282-x>

- Chapelle, C. A. (2001). *Computer applications in second language acquisition: Foundations for teaching, testing and research*. Cambridge University Press. <https://doi.org/10.1017/CBO9781139524681>
- Dudney, G., Hockly, N., & Pegrum, M. (2013). *Digital literacies*. Routledge. <https://doi.org/10.4324/9781315832913>
- Juldyzai, Zh., & Rystaiqyzy, A. T. (2024). Adebі-psikhologiyalyq shygarmalardy oqytudagy innovatsiyalyq tekhnologiyalardyn qoldansy [The use of innovative technologies in teaching literary and psychological works]. *Endless Light in Science*, 5(May), 153–155. (In Kazakh)
- Kukulka-Hulme, A., & Shield, L. (2008). An overview of mobile assisted language learning. *ReCALL*, 20(3), 271–289. <https://doi.org/10.1017/S0958344008000335>
- Ospanova, Sh. Zh., & Kulmagambetova, T. Zh. (2024). Tsifrandyru zhagdayynda bilim beru urdisterin damyту [Development of educational processes in the context of digitalization]. In *Innovatsionnye tekhnologii v sovremennom obrazovanii: Strategii, zadachi, vnedrenie* atty gylymi-praktikalыq konferentsiya materialdarynyn zhinagy [Proceedings of the scientific-practical conference “Innovative technologies in modern education: Strategies, objectives, implementation”]. Almaty. (In Kazakh)
- Premsky, M. (2001). Digital natives, digital immigrants. *On the Horizon*, 9(5), 1–6. <https://doi.org/10.1108/10748120110424816>
- Qataev, N. S., & Erkinqyzy, A. (2021). Oqytu protsesin uiymdastyruda tsifirlyq bilim beru tekhnologiyalarynyn tiimdiligi [The effectiveness of digital educational technologies in organizing the learning process]. *Al-Farabi Kazakh National University Bulletin. Series of Pedagogical Sciences*, 2, 71–79. (In Kazakh)
- Redecker, C. (2017). *European framework for the digital competence of educators: DigCompEdu*. Publications Office of the European Union. <https://doi.org/10.2760/159770>
- Satkenova, Sh., & Atakhanova, N. (2025). Angime zhanryn sandyq tekhnologiya arqyly oqytudyn erekshelekteri [Teaching features of the short story genre through digital technology]. *Yessenov Science Journal*, 2(51), 27–64. (In Kazakh)
- Selwyn, N. (2016). *Education and technology: Key issues and debates* (2nd ed.). Bloomsbury Academic. <https://doi.org/10.5040/9781474242141>
- Toqaeв, Q. K. (2025). *Zhasandy intellekt dauirindegi Qazaqstan: Ozekti maseleler zhane ony tubegeili tsifirlyq ozgerister arqyly sheshu* [Kazakhstan in the era of artificial intelligence: Current issues and their solution through radical digital transformation]. Address to the people of Kazakhstan. <https://www.akorda.kz> (In Kazakh)
- Warschauer, M., & Healey, D. (1998). Computers and language learning: An overview. *Language Teaching*, 31(2), 57–71. <https://doi.org/10.1017/S0261444800012970>

**Авторлар туралы мәлімет:**

- Серікқызы Жанар – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: Zhanarserikqyzy@gmail.com).
- Саткенова Шынар – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: s.satkenova85@mail.ru).
- Тлеубаев Советхан – филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: tleubaev63@mail.ru).
- Атаханова Нұрасила – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: rassi68@mail.ru).

**Information about the authors:**

- Zhanar Serikqyzy – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: Zhanarserikqyzy@gmail.com).
- Shynar Satkenova – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: s.satkenova85@mail.ru).
- Sovetkhan Tleubaev – Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: tleubaev63@mail.ru).
- Nurasila Atakhanova – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: rassi68@mail.ru).

**Сведения об авторах:**

- Серікқызы Жанар – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: Zhanarserikqyzy@gmail.com).
- Саткенова Шынар – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: s.satkenova85@mail.ru);
- Тлеубаев Советхан – кандидат филологических наук, старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: tleubaev63@mail.ru).
- Атаханова Нұрасила – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: rassi68@mail.ru).

Келіп түсті: 2 сәуір 2026 жыл  
Қабылданды: 3 маусым 2026 жыл